

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IV Республиканской научно-практической
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-
практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV
Республиканская научно-практическая онлайн конференция,
посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан
Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-
nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya](http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya), 2016. – б. (қазақша, орысша).

ISBN 978–9965–31–813-9

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

ӘОЖ 342 (063)

ISBN 978–9965–31–813-9

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продразверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг.	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында)	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры	163

13. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.

14. Языковая политика в Казахстане (1921-1990 гг.): сборник документов / Сост.: Айбасова М.К., Исахан Г.Т. – Алматы: «Қазақ университеті», 1997. – 325 с.

15. Алаш қозғалысы: Құжаттар мен материалдар жинағы: сәуір 1920-1928 жж. /Бас ред.: Қойгелдиев М.Қ.; Жауапты құраст.: Грибанова Е. М., Жағыпаров Н. Р. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 304 б.

16. Алаш қозғалысы: мәселенің зерттелу тарихынан //Құжаттар мен материалдар жинағы (1918–2007 жж.). – Т. 4. /Бас ред.: Қойгелдиев М.Қ.; Жауапты құраст.: Зұлқашева А.С. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 472 б.

ҚАЗАҚСТАНҒА ТИГІЗГЕН ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ЗАРДАБЫ ЖӘНЕ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН БАС ТАРТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

Үмітқалиев Ұ.Ұ.

Астана, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

Бүгінде әлемдегі зұлмат қару бұл ядролық қару. Көптеген экономикасы дамыған, ірі мемлекеттерде қазіргі сәтте ядролық арсеналы бар. Бұл ядролық қару екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жанталаса қарулану сәтінде пайда болып, ең алғаш Жапон мемлекеті аталмыш қарудың зардаптарын шекті. Хиросима мен Нагасаки қалаларына түсірілген ядролық қарудан соң КСРО –да соның ішінде қазақ жерінде осы зұлмат қаруды сынау сынақтары жүргізілді. Соның ішінде ядролық қаруды сынау қиындығына душар болған Шығыс өңірі болып табылады. Қазақ жеріндегі полигонның аумағы 18,54 мың шаршы шақырымды алып жатыр және Павлодар облысының 39 пайызын, Шығыс Қазақстан өңірінің 54 пайызын және Қарағанды облысының 7 пайызын иеленген. Көптеген қиындықтарды көрген бұл өңір бүгінгі кезеңде де радиациялық өңір ретінде саналады. 1949 жылғы 29 тамызда басталған сынақ Семей полигонында 1989 жылдың 19 қазанына дейін жүргізілді. Осы уақыт арасында 467 атом сынағы жүргізіліп, оның 124-і – жер бетінде, 343-і – жер астында жасалды. Олардың жинақталған тротилдік баламасы 17,7 мегатонна болды. Бұл 1945 жылы Хиросимада жарылған бомбаның екі мың бес жүзіне тең болып отыр. Бұл жарылыстар Қазақстанның шығыс өңіріне көптеген зардаптар алып келді. Ең алғашымен табиғи зардаптар болса, екіншіден радиациядан уланған халық және сәбилердің денсаулығы бүгінде алаңдарлық жағдайда отыр. Еркін Байғабұлының «Ядролық ЗҰЛМАТ» атты кітабында мынадай деректер келтірген: «1963 жылдан 90 шы жылға дейін қатерлі ісік ауруларынан Қайнар ауылының өзінде 200-ден астам адам қайтыс болған. Жиырмадан астам қыз-жігіт өзіне-өзі қол жұмсап, 18 адам ақ қан ауруынан қайтпас сапарға аттанған. Осы уақыт аралығында көршілес Саржал ауылында 300-ге таяу адам қатерлі ісік, тағы басқа ауыр металдар туғызған науқастардан қайтыс болған.

1962 жылдан бері Саржалдың 70-тен астам адамдары өзіне-өзі қол жұмсаған, мұның басым бөлігі он екіде бір гүлі ашылмаған бозбала мен бойжеткендер еді... Саржал ауылының 300 адамы радиологиялық диспансер есебіне тіркелген. Медициналық тексеруден өткенде 1083 адамның 500-ден астамының денсаулығында түрлі ауытқушылықтар анықталған. Ауылдағы орта мектептің 800 оқушысын тексеруден өткізгенде, төрт жүзден астамынан қатерлі ісіктің белгілері байқалған» - деп көрсетеді. Бұл Семей полигонының адамдардың денсаулығы мен психологиясына қаншалықты әсер еткенін байқалтады [1,210-б.]. Осы зұлматтың қасіретін болашақта халық одан әрі шекпес үшін 1991 ж. 29 тамызда ҚР Президенті Н.А. Назарбаевтың № 409 Жарлығымен Семей полигоны жабылды. Бұл Елбасының әлемдік аренада Қазақстанды ядролық қарусыз мемлекеттер қатарына қосу жолындағы күресінің алғашқы қадамы болды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Бейбітшілік кіндігі» атты кітабында Қазақстанда Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы: «1991 жылдың басына қарай Қазақстан аумағында жаппай қырып-жоятын қарудың орасан арсеналы болды, ол құрлықаралық баллистикалық зымырандарған арналған 1216 ядролық боеголовкалар мен ауыр бомбалағыштарға арналған ядролық зарядтарды қамтитын» - деп елдің ядролық қуатын сипаттайды. Осыншама ядролық қаруды Қазақстанға одан әрі дамыту тиімсіз болды және АҚШ тәуелсіз мемлекеттердің есебінен «ядролық клубты» кеңейтуге қарсы екендігін ашық мәлімдеме жасады [2,16-б.].

Қазақ жеріндегі қару турасында: «Қолда тұрған ядролық қаруды жоюдың қажеті жоқ, қарусыз ел – қауқарсыз, алыс-жақын елдер сұрапыл қаруымыз болса ғана санасады», - деушілер болды. Елбасы өзінің Вашингтон таймс газетіне берген сұхбатында «бізге ядролық қаруды сақтап қалындар, ядролық қаруы бар алғашқы және жалғыз мұсылман ел боласындар, қаржылық көмек көрсетеміз, қолдау білдіреміз деген көптеген кеңес берушілер болды» - деп өзгелердің Қазақстандағы қаруды қалдырғысы келгендігін айтты [5]. Бірақ, Қазақстан енді ғана Тәуелсіздікке қол жеткізген сәтте ғылымсыз, білімсіз, мықты экономикасыз, мол қаржы қаражатсыз мемлекетінді, халқыңды ешкім мойындамайтындығын түсінікті жәйт болды. Осы себепті, көреген Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқын көптеген зардаптардан құтқарды. Ол Тәуелсіз Қазақстанды ядролық қарусыз мемлекет деп жариялады. Бұған негіз болған 1992 жылы 23 мамыр айында қол қойылған Лиссабон хаттамасы, ол Қазақстанның, Украина мен Беларусьтің ядролық қаруға ие болуға ықтимал талаптануынан бас тартуын заңдық тұрғыдан растады. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер Ядролық қаруды таратпау туралы шартты өздерінің ұстанатыны туралы мәлімдеді.

1994 жылғы 5 желтоқсанда ЕҚЫҰ Будапешттік саммиті кезінде Ресей, Ұлыбритания Қазақстанның, Беларусьтің және Украинаның ядросыз мемлекеттер ретінде ядролық қаруды таратпау шартына қосылуына байланысты оларға қауіпсіздік кепілдіктерін беру туралы Меморандумға қол қойды. Осы құжатқа қол қою халықаралық қауымдастықтың Қазақстанның өз аумағынан ядролық қаруды шығару бойынша міндеттемелерін толық және

бұлжытпай орындау фактісін мойындағанын білдірді. Кейінірек Қазақстанға осындай түрдегі кепілдікті Қытай мен Франция ұсынды.

Лиссабон хаттамасынан кейінгі Қазақстанның жағдайын Қасымжомарт Тоқаев өзінің «Беласу» атты кітабында былай сипаттайды: «Лиссабон хаттамасына қол қойылғаннан кейін-ақ біздің елімізді дипломатиялық танудың, Қазақстанға шетелдік елшіліктерді және халықаралық ұйымдардың өкілдіктерін жіберудің ұзын сонар жұмысы, Президент Н.Ә.Назарбаевтың қазіргі әлемнің жетекші мемлекеттерінің басшыларымен кездесулері мен келіссөздері басталды. Қазақстан келбетінен дүниежүзілік қоғамдастық онымен ынтымақтасуға және оны дамытуға болатын, халықаралық өмірдің неғұрлым көкейкесті мәселелері бойынша диалог жүргізуге болатын, әлемдік тәртіптің тағдыры үшін жауапты, кемелденген мемлекетті көрді». Бұл Қазақстанның алға басуын көрсетті, 1995 жылы Лиссабон хаттамасын мерзімсіз ұзартуға бастамашы болды [3,152-153-б.]. Ақ үй кеңесшісі Майк Макфол: «Ядролық қарудан бас тарту арқылы, Қазақстан халықаралық экономикаға жол салды» - деп атап өтті [6].

Біз, Қазақстан халқы, ядролық бұғаудан еркіндіктің арқасында босадық. Тәуелсіздікке қол жеткізген соң бірден бейбіт жолға түстік. XX ғасыр аяғында, өз еркімізбен ядролық қарудан бас тарту арқылы біз XXI ғасырдың қандай болуы қажеттігін көрсеттік», - деп жазды Елбасы өзінің «Бейбітшілік кіндігі» деген кітабында [2,128-б.]. Елбасына деген ықыласы мен құрметін «Ядролық қауіпті азайту бастамасы» қорының тең төрағасы Тэд Тернер былай білдіреді: «Қарусыздану мәселелері бойынша Сізбен жұмыс істеу – біз үшін үлкен мәртебе. Президент мырза, Сіздің ядролық қарудан бас тарту туралы шешіміңіз – асқан батылдық пен салиқалылық белгісі. Егер барлық мемлекеттердің басшылары Сіздей ойласа, ядролық қауіп мүлде болмайтын еді. Сіз әлемге тамаша үлгі көрсеттіңіз, ал біз Сізбен әріптес болғанымызды мақтан тұтамыз». Ал, АҚШ Конгресінің мүшесі Э.Фалеомаваегидің Елбасы турасында: «Өз елін шексіз сүйген көшбасшы ғана елінің қауіпсіздігі мен жарқын өмірі үшін тәуекелге басын тігеді. Мен Қазақстан Президенті әлемдік Нобель сыйлығын алуы қажет деп санаймын»-деген лебізін білдірді [4].

Елбасының ұсынысымен 29 тамыз халықаралық Ядролық сынақтарға қарсы тұру күні болы жарияланды. БҰҰ басшысы Пан Ги Мун 2010 жылғы Қазақстанға сапары кезінде «Назарбаев мырза 1991 жылы сынақ алаңын жабуда теңдессіз көшбасшылық пен бастамагерлік танытты. Соның бастамасының арқасында 29 тамыз халықаралық Ядролық сынақтарға қарсы тұру күні болып белгіленді» - деп түйді.

Қазақстан 1996 ж. қыркүйегінде БҰҰ 51-ші сессиясы барысында Қазақстан Ядролық сынақтарға жалпылама тиым салу Келісіміне (ЯСЖТК) қол қойып, 2001 ж. 14 желтоқсанында бекітті. ЯСЖТК қол қою арқылы Қазақстан Келісім аясындағы анықтаушылық режимін нығайтуға үлкен үлес қосты. ЯСЖТК ережелерін тиімді орындау мақсатында ҚР Үкіметі мен ЯСЖТК Ұйымының дайындық комиссиясы арасында Ядролық мониторинг құралдарына байланысты қызметтерді жүзеге асыру туралы Келісімге келді.

1994–1996 жж. ядролық қарусыздану саласындағы белсенді қызметінің арқасында Қазақстан 1996 ж. Қарусыздану жөніндегі конференцияның бақылаушысы, ал 1999 ж. 5 тамызда толық мүшелігіне өтті.

2002 ж. 13 мамырында Қазақстан Ядролық жабдықтаушылар тобының (ЯЖТ) 40-шы мүшесі болды. Біздің ЯЖТ қосылудағы негізгі мақсатымыз терроризммен күрес шараларын белсендендіру, жаппай қырып-жою қаруының таралуына қарсылық, ядролық материалдардың қолданылуы мен тасымалдануына бақылауды күшейту болып табылады.

2004 ж. 6 ақпанында Қазақстан ҚР мен МАГАТЭ арасындағы кепілдірді қолдану туралы келісімнің қосымша хаттамасына қосылып, оны 2007 ж. 19 ақпанында бекітті (№ 229-II заң).

2005 ж. Қазақстан «Краков бастамасы» атты Жаппай қырып-жою қаруының таралуы саласындағы қауіпсіздік бойынша бастамаға қосылды.

2012 ж. 24 қаңтарында Қазақстан Жап-пай қырып-жою қаруының таралуына қарсы «Сегіздік тобы» (G8) елдерінің Жаһандық серіктестігіне қосылды.

Бүкіл әлемге белгілі, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан мұрагері болған ядролық қарудан бас тарту және Қазақстанды ядролық қаруды таратпау саласындағы көшбасшыға айналдыру Қазақстанның және оның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың аса ұлы жетістіктерінің бірі болды. Бүгінде Елбасының Ядролық қаруға күресі арқасында Қазақстан әлем алдында үлгі болды, Қазақстан халқы неғұрлым қауіпсіз әлемде өмір сүретін болды. Елбасы Н.Ә.Назарбаевты осынау ұлы жетістігі үшін және ядролық қарусыз әлемді көре алғандығы үшін мақтан тұтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байғабылұлы Е. Ядролық зұлмат. - Алматы: Қазығұрт баспасы, 2012. – 304 бет.
2. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. - Алматы: Атамұра, 2003. – 256 бет.
3. Тоқаев Қ. Беласу. Дипломатиялық очерктер. – Алматы: Дәуір, 2003. – 656 бет.
4. Елбасы мерейі – ел мерейі // Егемен Қазақстан, 2010, 12 наурыз. 2010 жыл
5. Исторический визит Президента Казахстана в США и участие в работе Глобального саммита по ядерной безопасности в фокусе мировых СМИ и международных экспертов «Вашингтон Таймс» от 13.04.10 г. http://www.akorda.kz/ru/page/page_kazakhstan-prezidentinin-aksh-ka-tarikhi-sapary-zhane-yadrolyk-kauipsizdik-zhonin_1348723102
6. Нурсұлтан Назарбаев – лидер, на которого надо равняться// Казахстанская правда, 2010, 17 апреля.